Онлайн зерттеу құралдары: Оқушыларға арналған онлайн құралдар мен ресурстарды пайдалану, мысалы, виртуалды зертханалар, интерактивті карталар, деректерді талдау бағдарламалары арқылы зерттеу қызметін жеңілдетуге және қызықты етуге болады.

2 Геймификация және ойын әдістерін қолдану

Оқыту-зерттеу процесіне ойын элементтерін енгізу арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады. Бұл әдіс зерттеуді ойын түрінде ұйымдастырып, оқушыларды белсенді қатысуға ынталандырады. Мысалы, виртуалды зерттеу ойындарын қолдану, командалық зерттеу тапсырмаларын ойындар арқылы орындау оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді.

3 Интеграцияланған жобалар

Оқу пәндерін біріктіре отырып, күрделі және көп аспектілі жобаларды ұйымдастыру. Мысалы, математика, жаратылыстану және өнер пәндерін біріктіріп, оқушыларды табиғи құбылыстарды зерттеуге және оларды математикалық модельдеу арқылы түсіндіруге бағыттауға болады. Бұл интеграцияланған жобалар оқушылардың әртүрлі пәндер арасындағы байланыстарды түсінуіне көмектеседі.

4 Құндылыққа бағытталған зерттеу

Оқушыларға зерттеу тапсырмаларын беруде олардың өмірге деген құндылықтарын дамытуға арналған тақырыптарды қамту. Мысалы, экология, қоғамдағы әлеуметтік мәселелер, денсаулық сақтау және әлеуметтік әділеттілік секілді тақырыптарда зерттеу жүргізу арқылы оқушыларды қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге тартуға болады. Бұл оларды тек білім алуға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік жауапкершілікке үйретеді.

5 Коллаборация және бірлескен зерттеу әдістері

Оқушыларды топтық немесе халықаралық зерттеу жобаларына тарту. Мысалы, түрлі мектептер мен елдердің оқушылары бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыруы мүмкін. Бұл әдіс оқушыларды жаңа тәжірибелер мен мәдениеттермен таныстырып, олардың әлеуметтік дағдыларын жетілдіреді.

6 Деректерге негізделген зерттеу

Зерттеу жұмыстарын деректерге сүйеніп жүргізу қабілеттерін дамыту. Оқушылар деректер жинау, өңдеу және талдау жұмыстарын жүргізіп, сол деректер негізінде ғылыми қорытындылар шығаруды үйренеді. Бұл әдіс оларға нақты деректермен жұмыс істеудің маңызды екенін түсіндіреді және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытады.

7 Инклюзивті зерттеу тәсілдері

Зерттеу процесін инклюзивті етіп ұйымдастыру, яғни әртүрлі қабілеті бар оқушыларды зерттеу жұмысына тарту әдістерін дамыту. Бұл үшін әрбір оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттеріне сәйкес зерттеу тапсырмаларын дайындауға болады. Сонымен қатар, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы құралдар мен әдістемелер енгізу арқылы олардың да зерттеу жұмыстарына қатысуын қамтамасыз ету маңызды.

Қорытынды

Оқыту-зерттеу қызметінің эволюциясы отандық және шетелдік педагогикада ұзақ тарихи кезеңдерді қамтиды. Бастапқыда педагогикалық зерттеулерде оқушыларды білімге бағыттау

басым болса, қазіргі таңда зерттеу қызметі оларды білімге өз бетімен жетелеудің құралы ретінде қарастырылады. Бұл эволюция болашақта оқушылардың сыни, шығармашылық және зерттеушілік дағдыларын дамытуда негізгі рөл атқарады.

Оқыту-зерттеу үрдісіне жаңалықтар енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырып, олардың сыни ойлау, шығармашылық және зерттеу қабілеттерін жаңа деңгейге көтереді. Бұл әдістер білім беру процесін тек ақпарат беру құралы ретінде ғана емес, терең зерттеуге және инновацияға бағытталған жүйеге айналдыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Vygotsky, L. S. *Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes*. – Harvard University Press, 1978. –288 б.
- 2 Жанпейісова, Н. Т. Модульдік оқыту технологиясы: оқушыларды дамыта оқыту жолдары. – Алматы: «Білім», 2002. – 208 б.
- 3 Тұрғанбаева, Б. Ә. Оқытудағы сыни ойлау және оның дидактикалық негіздері. – Астана: «Педагогика», 2015. – 196 б.
- 4 Алдамұратова, Т. Қ. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту жолдары. – Қарағанды: «Болашақ», 2019. – 148 б.
- 5 Махмутов, М. И. *Проблемное обучение: Основные вопросы теории*. – Москва: «Педагогика», 1975. – 216 б.

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ

КЕНЖЕГУЛОВА А. Г.

ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Майқоңыр жалпы орта білім беру мектебі,
Ертіс ауылы, Павлодар облысы

Фразеология бүгінгі таңда терезесі тең, дербес пәнге айналып, тіл білімінің жеке саласы ретінде қалыптастырылуда, оның нысандарын, тілдегі орны мен табиғатын зерттеу әдістерін анықтауда, маңызды теориялық тұжырымдар жасалуда. Фразеология – «phrasis» – орам, сөйлемше «logia» – ұғым, ілім деген грек сөздерінен жасалған термин. Бұл атау негізінен екі түрлі мағынада қолданылады. Біріншіден, тілдегі тиянақты тұрақты сөз тіркестерін қазіргі және тарихи даму тұрғысынан зерттейтін тіл білімінің бір саласы дегенді, екіншіден – белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас

жиынтығы дегенді білдіреді. Сондықтан болар фразеологизмдер көкейге қонымды, ықшам, ұтқыр да ұтымды сөз өнерінің тілдік және поэтикалық бұлақтары санатына жатады. Айшықты сөз өнерінің басым көпшілігі халықтың тұрмыс тіршілігінде, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, діни, наным-сеніміне байланысты туындаған. Олардың құрылымын, тілде қалыптасу кезеңдерін тұрақталу негіздерін зерттеу, сайып келгенде, оқырман қауымды оның тілдік табиғатынан хабардар етіп қоймай, сонымен қатар этнос өмірімен тұтастығымен ерекшеленеді. [1.236]

Тіл бірліктерін «этнос (адам) – тіл – мәдениет» үштігіне сүйеніп зерттеу үрдісі тіл білімінің этнолингвистика, тіл арқылы ел тану, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика сияқты жаңа бағыттарына жол ашты. Аталған бағыттардың негізінде адамның тілі мен мәдениетінің өзара байланысы мәселесі жатыр. Тіл мен халықтың, оның мәдениетінің арасындағы тікелей байланыс халықтың рухынан, тілінен көрініс табады. Олай болса, тілді зерттегенде оны сол халықтың рухани байлығымен, мәдениетімен байланыстыра зерттеу қажет.

Тілді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің өкшесін баса өз бастауын алған жаңа бағыттардың бірі – тіл арқылы ел тану. Фразеология саласында бұл бағыттың алар орны ерекше, өйткені әр тілдің фразеологизмінде үлкен мазмұн – халық өмірі, мәдениеті бар. Фразеологизм мағынасындағы елтану потенциясының пайда болу принциптері тіл арқылы елтану бағытының еншісі болып табылады. Тіл арқылы елтану теориясының пайда болып дамуы фразеология саласын жаңа қырынан, яғни фразеологизмдерді кез келген халықтың ұлттық мәдени дамуының айнасы ретінде қарастыруға мол мүмкіндік береді [2.556].

Тіл мен мәдениет арақатынасын зерттейтін тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі – лингвомәдениеттану. Лингвомәдениеттану – қазіргі тіл білімінде кеңінен қолданыс тауып келе жатқан антропоцентристік бағытпен, яғни сол тілдің иесі болып табылатын адаммен, тілдің функционалды қолданыс табатын әлеуметтік орта, тарих, мәдениет пен танымдық процестермен байланыстыра зерттеу үрдісінің нәтижесі болып табылатын тіл мен мәдениеттің өзара байланыс тетіктері мен жалпы ұлттық дүниетаным, ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейді.

Лингвомәдениеттану ғылымының алғышарттары В. фон. Гумбольдтың тіл мен мәдениеттің өзара байланысы идеясы және Э. Сепир мен Б.Уорфтың «тілдік ықтималдылық болжамымен» ұштасып

жатыр. Қазіргі тіл білімінде ерекше дамып келе жатқан когнитивті лингвистиканың негізінде тілді – адам дүниетанымының кілті, адам санасында ғалам туралы түсінікті құраушы, таным модельдері арқылы ашылатын білімнің коды, шындық пен шындықты игеруші сана арасындағы дәнекер, сондай-ақ сана қызметінің нәтижесі деп қарайтын когнитивтік көзқарас жатыр.[3.1126]

Фразеологиялық теңеулер фразеологизмдердің басқа түрлерінен өзінің логикалық құрылымы, компаративті мағынасы мен стильдік қызметі арқылы ерекшеленеді. Фразеологиялық теңеулер табиғатын зерттеуде фразеологиялық теңеу мен метафораның өзара байланысы, ұқсастығы мен айырмашылықтарына тоқталу қажет. Осы мәселеге арналған ғылыми еңбектерде фразеологиялық теңеулер мен метафоралар тілде қатар қолданылады, себебі олар өзара тығыз байланысты деген пікір бар. Теңеу мен метафораның ортақтығы – олардың заттар мен құбылыстар негізінде фразеологиялық ассоциация жасауынан көрінеді. Алайда, оларды мазмұн жағынан ажыратып қарастырған жөн. Теңеуде салыстырушы теңеу заты және оған қажетті негіз бар. Ал метафораға ондай негіз қажет емес. Фразеологиялық теңеулер екі затты салыстырудың нәтижесі болса, метафоралар – олардың ұқсастығының нәтижесі *She is a fox* – ол түлкі; *She is as sly as a fox* – ол түлкідей қу, айлакер.

Фразеологиялық теңеулер кез келген тілдің фразеологиялық қорының елеулі бөлігін құрайды. Теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымның ұлттық өзгешеліктері бас қосқан логика-философиялық және лингвистикалық категориялардың санатына жатады.

Фразеологизмдердің фразеологиялық мағынасы олардың ішкі мағыналық құрылымында жатқан бейне арқылы уәжделеді. Мысалы, қазақ тіліндегі құмырсқадай құжынаған, құмға сіңген судай, сүліктей жабысты, ағылшын тіліндегі *dumb as a fish* (балықтай тілсіз), *as brave as a lion* (арыстандай айбатты), *dance like an elephant* (пілше билеу) сияқты тіркестердің фразеологиялық мағыналарының ішкі формасы айқын, яғни олардың мағыналары ішкі формалары арқылы уәжделіп қалыптасқан.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің басым көпшілігі «Адам» атты мағыналық макротопқа жатады, олардың мағынасы адам мен оны қоршаған әлемнің өзара әрекетін бейнелейді.[4.96б] Фразеологиялық теңеулердің негізінде адам өмірі мен қызметінің тұстарын бейнелейтініне байланысты екі тілде олардың төмендегідей мағыналық-тақырыптық топтары анықталды:

1. Адам мінезі мен ақыл-ой қабілетін сипаттаушы ФТ-лер: Қаз.: Қарабайдай қатыгез, дала бүркітіндей қырағы; Ағыл.: *a memory like an elephant* (сөзбе-сөз: есі пілдей), яғни еске сақтау қабілеті жоғары, тамаша, *as blunt as a hammer* (сөзбе-сөз: балғадай ақымақ) яғни топас, т.б. 2. Адамның жағдай-күйіне байланысты ФТ-лер: Қаз.: сең соққан балықтай, жарасын жалаған иттей, жаралы арыстандай аласұрды; Ағыл.: *as miserable as a bandicoot* – (қалталы көртышқандай) – бақытсыз, аянышты, *as still as a mouse* – тышқандай жасырынып тұру т.б. 3. Адамның сыртқы келбетін сипаттаушы ФТ-лер: Қаз.: қырмызыдай ажарлы, ақ маралдай әдемі; Ағыл.: *as fair as a lily* – лилия гүліндей сұлу. 4. Адамның өмірі мен қызметін сипаттаушы ФТ-лер: Қаз.: түлкі қуған тазыдай соңына түсу, ит пен мысықтай өмір сүру; Ағыл.: *as thick as thieves* (бір-біріне ұрылардай жақын болу) – жан дос, айырылмас дос, *to live like cat and dog* – мысық пен иттей өмір сүру. 5. Адамның эмоциялық жағдайын сипаттаушы ФТ-лер: Қаз.: найза үстінде отырғандай, тышқан алған мысықтай; Ағыл.: *to shake /quake/ tremble like an aspen leaf* – көк теректің жапырағындай қалтырау, *to sit on a powder keg* – оқ-дәріге толы бөшкенің (күбінің) үстінде отырғандай. 6. Адамның басқа бір адамға немесе затқа қатынасын сипаттаушы ФТ-лер: Қаз.: жыландай жек көру, құлындай шыңғырту, қойдай бауыздау; Ағыл.: *hate smb like poison* – біреуді удай жек көру. 7. Құбылыстар мен заттардың сапасын сипаттаушы ФТ-лер: Қаз.: көздің жасындай таза (мөлдір), жаман түйенің жабуындай (келіссіз). Ағыл.: *fresh as a daisy* – маргаритка гүліндей жас, жаңа, *cold as a frog* – құрбақадай суық. 8. Түсті сипаттаушы ФТ-лер: Қаз.: ақ бөкеннің таңындай, орман түлкісіндей қызыл, сүттей ақ; Ағыл.: *as white as driven snow/as milk* – қардай/сүттей ақ, *as red as a turkey-cock* – күрке тауықтың айдарындай қызыл. 9. Адамның тамақтану процесін сипаттаушы ФТ-лер: Қаз.: бурадай қарш-қарш шайнау, егінге түскен сиырдай жайпау; Ағыл.: *eat like a pig* – шошқадай ішіп-жеу, *drink like a fish* – балықша ішу. 10. Заттар мен құбылыстардың көлемін сипаттаушы ФТ-лер: Қаз.: қойдың құмалағындай, ешкінің асығындай, иненің жасуындай; Ағыл.: *as light as a drum* – барабандай жеңіл. 11. Арақашықтықты сипаттайтын ФТ-лер: Қаз.: есік пен төрдей, ат шаптырымдай жер, қозы/қой өрісіндей жер. Ағылшын тілінің фразеологиялық теңеулерінің біз жинаған материал ішінде бұл топқа жататындары кездеспеді. 12. Уақытты сипаттаушы ФТ-лер: Қаз.: бие сауымдай уақыт, сүт қайнатымдай уақыт, қас

каққандай. Аталмыш топқа да ағылшын тілінің фразеологиялық теңеулері біз қарастырған материал арасынан кездеспеді [5.626].

Теңеу бейнесі қызметін орындаушы семалар негізінде қазақ және ағылшын тілдерінде фразеологиялық теңелеурдің мынадай топтары анықталды:

1 Күнделікті тұтыну заттар атауларынан жасалған ФТ-лер: Қаз.: сабынша бұзылу, тозған бөздей ыдырау; Ағыл.: to fit like a glove – қолғаптай дәл), as fat as butter – сары майдай толық.

2 Үй жануарлары атауларынан жасалған ФТ-лер: Қаз.: тағасыз аттай тайғанау, егінге түскен сиырдай жайпау; Ағыл.: stubborn as a mule – есектей қиқар, squeal like a stuck pig – шала бауыздалған шошқадай шыңғыру.

3 Табиғат және қоршаған орта құбылыстарының атауларынан жасалған ФТ-лер: Қаз.: бұлттай сұрлану, жауар күндей түнеру, желдей өсу; Ағыл.: look like thunder – күннің күркіреуіндей көріну, яғни ашулы, ызалы, like greased lightning – найзағайдай шапшаң, жылдам.

4 Аң атауларынан жасалған ФТ-лер: Қаз.: қойға тиген қасқырдай, ақ маралдай керілу, жолбарыстай білекті; Ағыл.: as agile as a monkey – маймылдай икемді, as cross as a bear – аюдай ашулы, as cunning as a fox – түлкідей айлалы.

5 Құс атауларынан жасалған ФТ-лер: Қаз.: торға түскен қырандай, бұлбұлдай сайрау, жүнін жұлған тырнадай; Ағыл.: as drunk as (a boiled) an owl – жапалақтай мас, as gay as a lark – бозторғайдай көңілді, as a mild as a dove – көгершіндей жұмсақ.

6 Жәндік атауларынан жасалған ФТ-лер: Қаз.: қара құрттай қаптау, шыбындай қырылу, аш кенедей жабысу; Ағыл.: as merry as a grig – көк шегірткедей көңілді, ants in one's pants – шалбар киген құмырсқадай, яғни ыңғайсыз, мазасыз сезіну.

7 Өсімдік атауларынан жасалған ФТ-лер: Қаз.: тікендей қадалау, қызыл гүлдей құлпыру, жел соққан қамыстай жапырылу; Ағыл.: grow up like mushrooms – саңырауқұлақтай өсу, көбею, shake as a leaf – жапырақтай дірілдеу, stick to smb like a bur – біреуге ошағандай жабысу.

8 Діни атауларға байланысты жасалған ФТ-лер: Қаз.: жын ұрғандай жұлқыну, көктен түскен періштедей, иманындай сақтады. Ағыл.: a certain as preachig – діни уағыздай шын, айқын, as safe as a church – шіркеудей сенімді, берік, as ugly as sin – күнөдай үрейлі, қорқынышты.

9 Азық-түлік атауларынан жасалған ФТ-лер: Қаз.: айрандай ұйып отыру, бал қаймақтай, балға ашытқан қымыздай. Ағыл.: as brown as a berry – жидектей қоңыр, яғни күнге күйген, as full as an egg is of meat – етке толы жұмыртқадай толық, толы, толтырылған. 10. Ауру атауларына байланысты жасалған ФТ-лер: Қаз.: сүзектен тұрғандай. Ағыл.: avoid like the leper – алапес ауруынан қашқандай, to avoid someone or smth like the plague – чума ауруынан қашқандай.

11 Балық атауларына байланысты жасалған ФТ-лер: Қаз.: ақ сазандай бұлқынды, тұмсығы тасқа тиген бекіредей, шабақтай шүпірлету; Ағыл.: as flat as a flounder – камбала балықтай теп-тегіс, жазық, close/dumb as an oyster – устрицадай үндемеу, мылқау, аузын ашпау, swim like a fish – балықтай жүзу.

12 Тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларға байланысты жасалған ФТ-лер: Қаз.: Абылай аспас асудай, Атымтайдай жомарт, Наушаруандай әділ; Ағыл.: as game as Ned Kelly – Нед Келлидей күшті. Нед Келли атақты қарақшы, as old as Methuselah – Мафусаилдай (библия кейіпкері) кәрі, ескі, as pleased as Punch – Панчодай (көше кезіп жүретін қуыршақ театрының кейіпкері) разы, риза.

Келтірілген мысалдардан теңеу бейнесінің негізі ретінде екі тілде әр түрлі мағыналық топтардың құрамына кіретін атаулар қолданылатыны көрінеді. Олардың қолдану аясында әр тілге тән ерекшеліктермен қатар, екі тілге де ортақ белгілері де кездеседі.

Қорыта айтқанда, құрылымы әр түрлі ағылшын және қазақ тілдерінің сөздік қорындағы сан алуан атаулардың ішінде өте жиі қолданылатын, мағынаға бай, қолданыс ауқымы кең тілдік бірліктердің бірі – фразеологиялық теңеулер.[5. 1156]

Фразеологиялық теңеулердің басым көпшілігі ұлттық негізді арқау ете отырып пайда болған. Олар – ұлт өмірінің айнасы, сондықтан да бойында сақталған ұлттық мәдени негіздерге сүйенеді, себебі өркениеттің өрісі қаншалықты екені де тілден бөлек дүние емес. Ендеше ұлт мәдениеті ұлт тілінен бөлінбейді. Тіл мен мәдениет – өркениет дамуының ең алғашқы кезеңдерінен бастап үйлесімділік пен сәйкестікте өмір сүріп келе жатқан құбылыс.

Тілі, ділі, мәдениеті, дүниетанымдық көзқарасы әр түрлі ағылшын және қазақ халықтарының фразеологиялық теңеулері жан-жақты, құрылымы, ішкі форма, аялық білім, жалғаса туындаған ауыспалы мағына, концепт, лингвомәдени тұрғысынан зерттеу нәтижесінде тіл-тілге тән ортақ заңдылықтар, жалпыхалықтық

рухани дүниелер, ұлттарға тән танымдық ерекшеліктер т.б. жөнінде бірқатар жаңа мағлұматтарға қол жеткізілді.

Ағылшын және қазақ тілдері фразеологиялық теңеулерін тақырыптық тұрғыдан топтастырғанда теңеу образы ретінде келетін екі тілдегі атаулардың кездесу жиілігі мен арақатынасында айырмашылықтар бары анықталды.

Фразеологиялық теңеулердің ұлттық белгісі олардың мағыналық ерекшеліктерінен айқын көрініс табады, себебі кез келген халықтың бүкіл мәдени және психологиялық күрделі кешенін оның қайталанбас ойлау тәсілін жинақтайды. Дегенмен екі тілге ортақ бейнелерге ие фразеологиялық теңеулер кездесетіні байқалады. Бұл құбылыс қазақ және ағылшын халықтарының дүниетанымдағы кейбір түсінік ұқсастығын дәлелдейді.

Екі тілдегі фразеологиялық теңеулердің пайда болу көздері әр халықтың тарихымен, заттық және рухани мәдениетімен, өмір-тіршілігімен тығыз байланысты. Олардың мағыналарын, тарихи-этимологиялық көздерін лингвомәдени және лингвокогнитивтік талдау жүргізу арқылы ғана ашуға болады.

Фразеологиялық теңеулердегі жеке көріністер тек сол тілге ғана тән ерекшеліктермен сипатталып, ұлттық нақышпен бейнеленеді. Олардың лингвомәдени және танымдық сипатын ашу ұлттық дүниетанымның сыры мен ерекшеліктерін танып білуге септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М., 1984. – 370 с.
- 2 Вайсгербер Л. Родной язык и формирование духа. – М., 1993. – 236 с.
- 3 Сулейменова Э. Д. Казахский и русский языки: Основы контрастивной лингвистики. – Алматы, 1996. – 207 с.
- 4 Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі. – 1998. – 304 б.
- 5 Исабеков С. Е. Картина Мира во фразеологических единицах неродственных языков // Актуальные проблемы межкультурной коммуникации и перевода. – Алматы, 2001. – С.130.

SOCIAL NETWORKS AS A TOOL FOR THE FORMATION OF INTERCULTURAL COMPETENCE OF STUDENTS

КОЛЫБАЕВА А. Т.

магистрант, Павлодарский Педагогический университет имени
Ә. Марғулана, преподаватель специальных дисциплин НОУ Павлодарского
гуманитарно-педагогического колледжа

БАЙГОЖИНА Ж. М.

к.п.н., ассоц. профессор, Евразийский национальный
университет имени Л. Н.Гумилева

In the context of globalization and rapid development of digital technologies, intercultural communication skills are becoming more and more important for successful interaction in multinational and multicultural communities. For students of language specialties, intercultural competence is not just one of the aspects of professional training, but also a prerequisite for effective mastery of a foreign language and understanding of cultural differences.

Social media, which have become an integral part of modern students' lives, provide unique opportunities for developing intercultural awareness. Platforms such as Instagram, TikTok and Twitter are turning into global forums where people from different parts of the world can share opinions, traditions and life experiences. This makes them a powerful tool for immersing students in the cultural environment of the target language and expanding their knowledge of cultural differences [1, с. 3].

This paper examines how social media can be used in the educational process to build intercultural competence in foreign language students. We will discuss practical examples of integrating social media into the learning process and consider how such platforms contribute to breaking stereotypes and building cultural empathy in students.

Over the past few decades, social networks have evolved from simple communication platforms to powerful global communication tools that bring together people from all over the world. Facebook, Instagram, TikTok, Twitter and other platforms not only enable instant information exchange, but also become platforms for cultural interaction. Users can share their views, traditions, cultural events, and discuss international issues, which makes social media a unique resource for learning and developing intercultural competence. Gulaya and Romanova's research highlights the potential of language social networks to enhance intercultural communication by immersing learners in culturally diverse

content. This reinforces the notion that social networks can effectively contribute to increasing cultural awareness among students [2, c. 2].

Sinelnikova's analysis of internet resources in education highlights their role in enhancing student engagement. Her conclusions support the argument that the strategic use of social networks can improve both linguistic and intercultural competencies in educational settings [3, c. 313].

For this research we have only chosen two of them: Instagram and TikTok. Now let us consider what each of these social networks offers to its users:

Instagram allows users to share visual content, which makes it one of the most effective platforms for learning about cultures through photos and videos. Students can follow bloggers and influencers from different countries who share aspects of their daily lives, cultural events and national traditions. The visual format helps to better understand the diversity of cultures through elements such as national food, fashion, architecture, celebrations and social norms.

TikTok has become a platform where users from all over the world can share short videos representing their culture, humor, art and lifestyle. For students, this platform can be an effective way to get to know the daily lives of people from other countries in an informal setting. Videos of national dances, traditional recipes, everyday scenes or typical situations help to broaden cultural horizons and see real-life examples of life in other cultures.

Despite the fact that both social networks allows users to communicate and have a visual content, there are still several differences between them. In order to outline the strengths of each platform in fostering **intercultural competence** among students we present the main features and differences of them (Table 1)

Table 1 – Main features and differences of Instagram and TikTok.

Aspect	Instagram	TikTok	Most Influential Social media
Visual Content	Visual posts (photos, videos), stories, carousels. Users can share detailed images and videos with captions.	Short videos up to 3 minutes, creative editing. The content is dynamic and often includes music and effects.	TikTok: High accessibility of cultural content through creative presentation.

Interactivity and Communication	Ability to comment, like, send messages, participate in discussions through stories.	Comments, likes, video reactions (duets, stitches), participation in challenges.	TikTok: Interactive features engage users in discussions and interactions.
Amount of Information	Longer captions with photos and videos, ability to provide detailed textual explanations, infographics.	Short videos limit the amount of information, with a focus on visual presentation.	Instagram: Ability to explain cultural contexts in more detail.
Self-Presentation	Focus on creating a cohesive visual image through profiles, posts, and stories.	Quick self-presentation through short, diverse videos, reflecting personal and cultural characteristics.	Instagram: More structured self-presentation through carefully curated content.
Intercultural Challenges	Rarely used on a large scale for intercultural communication, focus is more on personal stories.	Often features global challenges involving users worldwide, serving as a platform to learn about cultures.	TikTok: Challenges promote mass intercultural interaction.
Memes and Cultural Codes	Memes are often text-based, visual, and localized, reflecting national characteristics.	Fast, dynamic content with memes and humor, often international, making them accessible to a wider audience.	TikTok: Global meme spread helps quickly understand cultural codes.

It can be clearly seen in the table that TikTok offers quick access to diverse cultures through short, engaging videos, while Instagram is better suited for a deeper analysis and understanding of cultural contexts through its visual and textual content.

Based on the features of each of these social networks that we have analyzed, we have developed several ways to increase and improve intercultural competence in each of these social networks individually (Table 2).

Table 2 – Tasks for development of intercultural competence based on Instagram and TikTok.

№	Tasks	Instagram	TikTok
1	Name of the task	Cultural storytelling through posts	
	Task	Students are required to choose a cultural event or tradition from a foreign country and create an Instagram post showcasing it. The post must include at least three images or a carousel of photos, paired with a detailed caption explaining the event's historical and cultural significance.	Students will identify and participate in a popular TikTok challenge that has a cultural theme (e.g., traditional dances or culinary practices from around the world). Before participating, they must research the cultural background of the challenge and explain its significance in the video caption.

2	Name of the task	Cross-cultural profile analysis	C u l t u r a l comparison via short videos
	Task	Students will follow influencers or regular individuals from different countries and analyze their content over a set period. They will compare how different cultural values are reflected in the posts, focusing on aspects such as family life, food, social norms, and celebrations.	Students will create a TikTok video that compares a cultural practice from their home country with a similar or contrasting one from another culture. They can use creative elements like split screens or transitions to highlight these cultural differences or similarities.
3	Name of the task	C u l t u r a l exchange via stories	Intercultural duets and stitches
	Task	Each student will create an Instagram Story introducing a key aspect of their own culture (e.g., a local custom, holiday, or traditional dish). At the end of the story, they will pose a question to engage followers from other countries and gather responses, sparking intercultural dialogue.	Students will find TikTok videos created by users from other cultures and create duets or stitches to respond or add their own insights. For example, if someone shares a video of a cultural festival, students can add a reflection or comparison with similar festivals from their culture.

4	Name of the task	V i s u a l ethnography project	Cultural trends and meme analysis	
	Task	Students will curate a series of Instagram posts or a photo gallery that visually represents the daily life of a specific culture. Each post should include a detailed caption explaining the cultural practices depicted in the images.	Students will research a viral meme or trend from another culture that has gained popularity on TikTok. They will create a video explaining the cultural context behind the meme or trend and discuss what it reveals about that culture's values or social norms.	

5	Name of the task	Cultural recipe share	Cultural heritage in 60 seconds	
	Task	Students will select a traditional recipe from another culture and create a step-by-step Instagram post (or a series of stories) showing the cooking process. They should include photos of the ingredients, preparation steps, and the final dish. Each post should be accompanied by a brief explanation of the cultural significance of the dish and any personal reflections on the cooking experience.	Each student will create a 60-second TikTok video introducing an element of their own cultural heritage, such as a traditional recipe, dance, or custom. They should encourage viewers from other countries to share similar elements from their cultures in the comments.	

These tasks, designed around the features of **Instagram** and **TikTok**, take full advantage of each platform's potential to engage students in meaningful intercultural learning. **Instagram** is ideal for deeper, reflective tasks that involve a combination of visual and textual content, making it perfect for detailed cultural exploration. In contrast, **TikTok** is well-suited to fast-paced, creative assignments that encourage interactive engagement with global cultural trends and practices.

By integrating these platforms into intercultural competence development, educators can offer students a modern, dynamic way to interact with and understand the globalized world around them. Through these activities, students not only learn about other cultures but also actively participate in intercultural dialogue, helping them to develop the skills necessary for global citizenship.

As part of our research aimed at developing intercultural competence in students of language specialties, an experiment was conducted with two groups: 2nd year students of foreign languages (2TS- Translation Studies) and 2nd year students of pedagogical specialties (2FLT – Foreign Language Teaching). The aim of the experiment was to evaluate the effectiveness of the proposed tasks aimed at deepening the understanding of cultural differences and developing intercultural communication skills.

The experiment was organized in several stages. In the first phase, we designed five tasks, each of which involved the use of social media platforms such as Instagram and TikTok. The assignments covered different aspects of cultural interaction, including creating posts about cultural events, analyzing content from influencers, cultural exchanges through stories, and visual ethnography.

After selecting assignments, students were divided into two groups. The 2FLT group focused on Instagram assignments, while the 2TS group worked with TikTok. This approach allowed us to investigate how different social media formats affect students' engagement and cultural awareness.

During the course of the experiment, we actively collected data on task completion. Students submitted their work, and we analyzed the quality of content, the level of engagement, and their feedback. In addition, interim surveys were administered to assess changes in cultural awareness.

At the end of the experiment, interesting results were obtained:

Group 2FLT: Students demonstrated a high degree of creativity and interest in the tasks. Most participants created informative and visually appealing posts, which contributed to a better understanding of cultural events and traditions. Feedback showed that students became more aware of different cultures and began to actively discuss their findings in class.

Group 2TS: Students working with TikTok showed excellent video editing skills and creativity. Their videos were popular among their peers, which facilitated the exchange of opinions and ideas. Participants noted that learning about the cultural context behind each trend in TikTok helped them better understand cultural differences and values. The results can be seen in Table 3 and Table 4.

Table 3 – Group 2FLT.

Index	Before (%)	After (%)	Increased by
Involvement	62	85	23
Creativity	59	89	30

Cultural awareness	53	88	35
--------------------	----	----	----

Table 4 – Group 2TS.

Index	Before (%)	After (%)	Increased by
Involvement	57	78	21
Creativity	61	83	22
Cultural awareness	68	88	20

$$Index = \left(\frac{\text{Number of students with positive response}}{\text{Total number of students}} \right) \times 100$$

Formula 1 – Calculation of results.

The conducted experiment aimed at enhancing intercultural competence among language major students has yielded promising results. By employing various tasks designed for Instagram and TikTok, students from groups 2FLT and 2TS engaged in creative and meaningful activities that allowed them to explore and share different cultural aspects.

The data collected before and after the experiment revealed significant improvements in key indicators: involvement, creativity, and cultural awareness. For instance, group 2FLT showed increases of 23 % in involvement, 30 % in creativity, and 35 % in cultural awareness. Similarly, group 2TS exhibited increases of 21 % in involvement, 22% in creativity, and 20 % in cultural awareness. These results underscore the effectiveness of the tasks in fostering a deeper understanding of cultural differences and enhancing students' engagement in the learning process.

The positive changes observed can be attributed to the structured approach of the tasks, which encouraged students to actively participate, reflect, and share their cultural experiences. This not only facilitated individual growth but also promoted intercultural dialogue among peers.

In conclusion, the experiment demonstrates the value of integrating social media platforms into educational practices for language learners. By harnessing the power of platforms like Instagram and TikTok, educators can create dynamic learning environments that not only enhance language skills but also cultivate essential intercultural competencies. Moving forward, it would be beneficial to continue exploring and refining these methods to further enhance student learning and engagement in future intercultural education initiatives

REFERENCES

- 1 Сехпеян А. Социальные Сети На Уроках Как Средство Формирования Межкультурной Компетенции – с.3 (Электронный ресурс: <https://Archive.Euroasia-Science.Ru/Index.Php/Euroasia/Article/View/214>)
- 2 Гулая Т.М., Романова С.А. Межкультурная Коммуникация И Языковые Социальные Сети - с. 2 (Электронный ресурс: <https://Cyberleninka.Ru/Article/N/Mezhkulturnaya-Kommunikatsiya-I-Yazykovye-Sotsialnye-Seti/Viewer>)
- 3 Синельникова Д. Д. Использование Интернет-Ресурсов Педагогами В Образовательном Пространстве // Молодой Ученый. 2018. – № 25 (211). – С. 313-315.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ

БЕЙСЕНОВА А. А.

бастауыш сынып мұғалімі, №18 жалпы орта білім беру мектебі, Екібастұз қ.
 ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА Қ. А.
 бастауыш сынып мұғалімі, №18 жалпы орта білім беру мектебі, Екібастұз қ.,

Қазіргі кезде жұмыс берушілер практикалық тәжірибесі бар адамдарды жұмысқа

қабылдауға тырысады, сондықтан жаңа бітірген мамандарды тез арада жұмысқа қабылдау үшін жоғар оқу орындары дуалды білім беуді енгізген дұрыс деп ойлаймыз. Өздеріңізбілетіндей, кәсіптік білім берудің дуалды жүйесі, бүкіл әлемде (әсіресе Германияда) мойындалған, яғни ең кең таралған және әлеммен танылған теориялық оқытуды, өндіріспен біріктіріп, кадрларды даярлау орнында практикалық оқытуды жүргізу.

Білім беру процесін жаңаша ұйымдастыру оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Бүгінгі философтар мен педагог – ғалымдар білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен ғана шектелмей, білім берудегі дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, рухани-адамгершілік қажеттігін дәлелдеуде.

Білім беру саласындағы инновациялық процестердің күрделілігі мен қайшылықтары жаңа құбылыстармен әрекеттесу және жалпы орта білімді ізгілендірудің сапалы кезеңінде

оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың мәселесін өзекті етуде.

Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Оқыту жүйесі өзгерді. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім қажет.

Сонымен қатар жаңартылған білім берудің маңыздылығы-оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, АҚТ-ны қолдану, зерттеу жұмыстарын жүргізу, коммуникативті қарым-қатынас жасай алу, жеке, жұппен және топта жұмыс жасай білу қабілеттерін арттыру. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отырумен қатар жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білуі қажет. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденісі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты.

«Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы қажет деп ойлаймын. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Бүгінгі заман талабы білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Өркендеп бара жатқан әлемдік мәдениетпен иық теңестіре алатын ел болу үшін ұлттық рухтағы қағидалары мен әлемдік білім беру технологияларын ұштастыра қолдану қажеттігі туындап отыр. Қазіргі білім берудің стратегиялық мақсаты өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге қабілетті, барлық істе сауатты (іскер) тұлғаны тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді.

Қазіргі замандағы білім беру. Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен

бағыттағы білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелеріндегі іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасу мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективті қатынастарды қалыптастырады.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болады сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше түс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын

талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалық, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындай отыр.

Мәдениетті қоғамның қазіргі кезеңі ақпараттандыру үрдісімен сипатталады. Қоғамды ақпараттандыру дегеніміз – глобалды әлеуметтік процесс. Қазіргі қоғамды ақпараттандыру үрдісінің бағыттарының бірі білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Білім беруді ақпараттандыру – бұл білім беру ортасын оқытудың, тәрбиенің психологиялық-педагогикалық мақсаттарына бағытталған ақпараттық технологияларды қолайлы пайдалану мен өңдеу тәжірибесімен және әдістемесімен қамтамасыз ету процесі.

Әлемдегі технологиялық даму тұрақты технологиялық жаңару есебінен қоғамның дамуы деп түсіндіріледі. Қазіргі заманғы ақпараттық қоғам оның мүшелерінің ақпараттық технологияларды қолдануға дайын болуларын талап етеді.

Білім мен техниканың дамуымен жаңа технологиялар пайда болды, мысалы, орасан зор оқыту ресурстары бар электрондық, ақпараттық. Сол кезде пайда болатын сапалық өзгерістер үйреншікті оқыту процесі дәстүрлі әдістемелермен, оқыту құралдарымен және сонымен бірге оқытушының жеке қабілеттерімен шектелмейтінін көрсетеді. Жаңа техникалық, ақпараттық, полиграфиялық, аудиовизуалды құралдар пайда болып жатыр. Ол құралдардың білім беру процесіне белгілі бір өзгешеліктерді енгізе отырып, сол процестің ажыратылмайтын компоненттері болатын өзіндік әдістемелері бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ишанғалиева А. М. Құзыреттілік – білім мен мүмкіндіктің бірігуі [Шетел тілін оқыту әдістемесі]

2 Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар – талапшаң мұғалім еншісі [Бастауыш мектеп]

3 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа жолдауы [Егемен Қазақстан., 2012]

4 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [Қазақстан мұғалімі. – 1999. – 23 шілде].

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕРІ

КУЗКЕНОВА Н. М.

бастауыш сынып мұғалімі, №18 жалпы орта білім беру мектебі Екібастұз к.,
КУСАИНОВА А. А.

бастауыш сынып мұғалімі, №18 жалпы орта білім беру мектебі, Екібастұз к.,
АРИМБЕКОВА Ж. Г.

бастауыш сынып мұғалімі, №18 жалпы орта білім беру мектебі, Екібастұз к.,

Қоғамның назарын педагогикалық білім берудің заманауи трендтеріне аудару, республикадағы білім беру мазмұнын жаңарту міндеттеріне ықпал ететін жетекші халықаралық инновациялық технологияларды таратуға аударуды мақсат еткен. Жасанды интеллектті пайдалану тиімді.

Заманауи білім беру мәселелерін бірлесіп талқылауға әлемдік зерттеу орталықтарын тартуды, Қазақстандағы білім беру мазмұнын жаңарту міндеттеріне ықпал ететін педагогикалық білім берудің қазіргі заманғы трендтерін дамытуға жәрдемдесуді, білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін қазіргі заманғы халықаралық білім беру технологияларымен және бірегей оқыту әдістемелерімен тәжірибе алмасу және танысуды, кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың жаңа түрлерін дамытуды және де республикада педагогикалық білім беру трендтерін дамыту бойынша тиімді шешімдер іздеу және ұсыныстар әзірлеу мен инновациялық білім беру технологиялары және оқыту әдістері болып табылады. Заманауи білім беру трендтеріне инновациялық білім беру мен цифрлы Қазақстан жатады [1, 14 б.].

Елбасымыздың Жолдауында : «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» – деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын оқытушы

жауапкершілігінің өсуі, танымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ [2, 3 б.].

«Бала оқытудың жұмысы ширақ, жігерлі, қызу болғаны дұрыс» Ж. Аймауытов.

Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан, қазіргі даму кезені білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін қарқынды түрде технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Ол үшін ең бірінші мұғалімнің ұстанымы мықты болу керек, оқыту үдерісінде қалыптасқан дағды мұғалімнің сыныптағы барлық іс-әрекеттеріне әсер етеді. Мұғалім өз жұмысында арнаулы, пәндік білімдермен ғана шектелмей, педагогика мен психологияның, тәрбие салаларының қазіргі заманғы жаңашылдықтарын да қамтуы тиіс болғандықтан онан үлкен дайындық (педагогикалық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық) талап етіледі.

Инновация – ол құрал және үдеріс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Инновация өздігінен пайда болмайды, ол ғылыми ізденістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан, ол басқаруды қажет етеді, ал процесті басқару мұғалімнің өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымдағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс тандап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді [5, 45 б.].

Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды. Олар – озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу. Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салады. Озық педагогикалық тәжірибенің негізі болып есептелетін

жаңашылдықты зерделеу – педагогикалық тәжірибелерді теориялық талдау және жинақтауға алып баратын басқыш сияқты [3, 23 б.].

Инновациялық үдеріске жаңалықты жинақтау мен тарату ғана емес, ойлау және осы жаңалыққа қатысты өзгерістер мен қайта құру да жатады. Демек, бұл прогрессивті, озық, заманауи, оң үдеріс. Алайда, білім беру ісіне жаңалықты ендіру үдерісі – мұғалімнің әлеуетіне тікелей байланысты.

Қазіргі білім беру, қоғамдық даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығына қажеттілік бірқатар жағдайлармен айқындалады. Біріншіден, білім беру мазмұнына талаптың күшеюі, қоғамда жүріп жатқан өзгерістер білім беру жүйесін, оның әдістемесін, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың технологиясын түбірінен жаңартуды талап етуде. Бұл жерде педагогикалық білімнің рөлі мен белсенділігі басымдықта болып отыр.

Екіншіден, ұстаздардың өз қызметінде жаңалықты игеру және қолдануға деген көзқарасының өзгеруі. Егер бұрынғы уақытта жоғарыдан ұсынылған жаңалықтарды қолданумен шектелсе, қазіргі уақытта барынша зерттеушілік, ізденгіштік сипат ала бастады. Сондықтан да білім беру ұйымы басшыларының маңызды шараларының бірі – мұғалімдердің енгізген инновациясына талдау жасап, баға беру, оны іске асыруға, қолдануға қолайлы жағдай жасау болуы тиіс.

Үшіншіден, білім беру ұйымдарының нарықтық қатынастарға енуі, жаңа типті сынып ішінде мемлекеттік емес оқу орындарының құрылуы нақты бәсекелестік ахуал туғызуда.

Педагогтың инновациялық қызметке дайындығын қалай анықтауға болады? Бұл жағдайда педагог әлеуеті мына параметрлермен байланысты:

1 жаңа көзқарастар мен идеяларды елестете алу және генерациялау, оларды іс жүзінде жобалау және моделдеуге шығармашылық қабілеттілігінің болуы;

2 ойлаудың понарамалық және икемді болуы, сондай-ақ қолжетімді білігінен межеленген жаңалыққа жетуге дайын болу;

3 өз қызметін жетілдіруге деген ниеттің болуы мен оны қамтамасыз ететін ішкі әдістер мен құралдардың болуы.

Оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық жаңалықтарды енгізу 4 кезеңнен тұрады: жаңа идеяны, жаңалықтарды іздестіру, зерделеу; жаңалықтарды ұйымдастыру; жаңалықтарды енгізу (оқу-тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану); қорытындылау. [4, 17 б.]

Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі техникалық және кәсіптік білім берудің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Оқушылар терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді жетік меңгерген болуы тиіс. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Қоғам дамыған сайын, барлық құрылым бірге дамиды. Қазіргі таңда кәсіптік және технологиялық білім беру үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген бірнеше инновациялық технологияларды атап көрсетуге болады.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:

- проблемалық оқыту;
- дамыта оқыту;
- деңгейлеп оқыту;
- дәстүрлі оқыту;
- модульдік оқыту
- сұрақ-жауап ойындары;
- цифрлық білім беру ресурстары.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: -балаға ізгілік тұрғысынан қарау;

-оқыту мен тәрбиенің бірлігі; -баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;

-баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;

-баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;

-әр оқушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу [6, 248 б].

